

Заң факультеті

БЕКІТЕМІН
Қабылдау комиссияның төрағасы,
ректор

Е.Б. Сыдықов

2020 ж.

«



Заң факультетінің
білім беру бағдарламалар тобы бойынша онлайн сұхбат
БАҒДАРЛАМАСЫ

Нұр-Сұлтан, 2020 ж.

Әзірлеушілер:

Факультет деканы



Ж.И. Ибрагимов

Келісілді:

Халықаралық құқық
кафедрасы меңгерушісі

Ш.В.Тлепина

Азаматтық, еңбек және экологиялық
құқық кафедрасы меңгерушісі

А.М.Нурмагамбетов

Қылмыстық құқықтық пәндер
кафедрасы меңгерушісі

Б.Р. Сембекова

Мемлекет және құқық теориясы
мен тарихы, конституциялық құқық
кафедрасы меңгерушісі

И.С.Сактаганова

Он-лайн сұқбаттасу бағдарламасы факультеттің оқу-әдістемелік комиссиясы
(ОӘК) бекітілді Хаттама № 11, 25 маусым 2020 ж.

ОӘК-ның төрағасы _____

Ж.А.Жадауова

Факультет деканы



Ж.И. Ибрагимов

Келісілді:

Оқу ісі жөніндегі проректор _____

Е.А.Онгарбаев

ОНЛАЙН СҰХБАТ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

1. Негізгі ереже
2. Сұхбаттасу ережелері
3. Сұхбаттасу нәтижелерін бағалау критерийлері
4. Сұхбат мазмұны

1. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕ

Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Жоғары білім берудің білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын оқу орындарына оқуға қабылдаудың типтік ережелерін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әзірленді.

Онлайн сұхбаттың мақсаты - шетелдік азаматтардың кәсіби қабілеттерін анықтау, олардың заң факультетінің білім беру бағдарламаларының топтарында қазақстандық университетте оқуға дайындығын анықтау, сонымен қатар кәсіптік бағдар мен жалпы мәдениеттің деңгейін анықтау.

Өткізу мақсаты:

- Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-де оқытудың мақсатын анықтау;
- Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-де оқу мерзімін білу;
- шетелдік азаматтың Қазақстан Республикасындағы жоғары білім жүйесі туралы хабардарлығын тексеру;
- шетелдік азаматтардың бакалавриатта оқуға қажетті пререквизиттерін анықтау (негізгі мектеп білімінің болуы);
- шетелдік азаматтың топта оқуға және бірлескен әлеуметтік және білім беру іс-шараларын өткізуге дайындығын анықтау.

2. Онлайн режимінде сұхбаттасу ережелері

Шетелдік студенттермен сұхбаттар заң факультеті бакалавриатының білім беру бағдарламалары топтарының аясында жүзеге асырылады:

- «6B04203 –Мемлекет және құқық»;
- «6B04202 – Халықаралық құқық»;
- «6B04204 – Сот-прокурорлық және тергеу және сот-сараптама қызметі»;
- «6B04201 – Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу»;
- «6B04209 –Желілік заңгер».

Онлайн сұхбат 2020 жылдың 15 тамызынан 25 тамызы аралығында жүргізіледі.

Онлайн сұхбат жүргізу үшін Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ректорының бұйрығымен бекітілген комиссия құрылады.

Комиссияның мүшелерінің құрамы, төрағаны қосқанда тақ саннан тұрады. Комиссияның шешімі, егер оның отырысына оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды болып саналады. Комиссияның шешімі онлайн-сұхбатқа қатысқан комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

Онлайн сұхбатты өткізу күні, уақыты мен орнын қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және университет сайтында орналастырады. Сұхбаттасу үшін «Platonus» АИС жүйесінде тіркелу қажет.